

## Қоғам дертімен күресейік

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

**Нұрбану СҰЛТАНҒАЗИЕВА,**  
**Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.**

## Табиғатты аялайық!

Біз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң құсты атып құрту сынды, табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызың орындалғаны болар еді.

**Руслан ОРАЛБЕКОВ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.**

## Өрт-тілсіз жау, сақ бол!

Жаз мезгілінің аптап ыстығы өрт қаупінің күшейетін кезі. Өрт-осы маусымда, әсіресе, ормандар мен дала алқаптарында жиі байқалады. Мұның себептері негізінен адамдардың немқұрайлы қарауынан да болып жүр. От жағудың ережесін сақтамай, сөндірілмеген темекі тұқылын тастай салғаннан, құрғақ шөпті өртеу себептерінен орын алады. Орман немесе далалық аумақтар күн сәулесі түсетін ашық алаңдарға тасталған шыны бөтелкесінен немесе соның сынығынан да тұтануы мүмкін. Соның салдарынан далалық алқаптарда тұтанған өрт маңайындағы елді мекендерге де қауіп төндіріп, материалдық шығын әкеледі. Адамдардың денсаулығына зиянын тигізіп, сақтанбаса өмірлерін де жалмауы мүмкін. Сондықтан өрт қаупінен әр кез абай болған жөн.

Егер орманда немесе далалық алқаптарда тілсіз жаудың куәсі болсаңыз, мына талаптарды есте сақтаған жөн:

- үрейленбей қорқыныш сезімін жеңе білу;
- от шоқтарын сумен немесе топырақпен сөндіру;
- өрттің таралу бағыты мен жылдамдығын байқау;
- өрт сөндіру мүмкіндігі болмаса артқа шегіну;
- өрт болған жерді дереу өртке қарсы қызметке «101», «102» қоңырау шалу;
- өрттің оты шарпымайтын жел жағына қарай қозғалу немесе от ошағын тыл жанынан айналып өтуге тырысу.

**Мұрат ДОСБОЛОВ,**  
**«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі» мемлекеттік мекемесі орман күзетшісі-қорықшысы.**

## Хабарландыру

2024 жылғы 26 шілдеде Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а. о., Бақырлы а., Қаратау а/о әкімі аппараты, Жиенбет батыр к-сі, 13а мекенжайы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімдеріне қоғамдық тыңдаулар өтеді:

1. Сағат 11:30 «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бүденовское кен орнында №1,3,4 учаскелер бойынша 2023-2024 жылға геотехнологиялық полигонды кеңейту құрылысы» жұмыс жобасына. Бастамашы: «Ақбастау» БК «АҚ, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған кенті, Жібек Жолы көшесі, 67 ғимарат.

2. Сағат 12:00 «Түркістан облысы Созақ ауданындағы 2023-2025 жылдарға арналған «Қаратау» ЖШС «Бүденовское» кен орнының № 2 учаскесінде геотехнологиялық алаңның (магистральдық құбырларды жобалау) құрылысы (кеңейту)» жұмыс жобасына. Бастамашы: «Қаратау» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 192 үй.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты +77778908808, +77026616646 телефондары арқылы алуға болады.

Әзірлеуші: «KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, Алматы қаласы, Навои көшесі, 74, 131-кеңсе, тел.: +7 (777) 8908808, +77026616646.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар <https://ecoportal.kz/> сайтында орналастырылған.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО - «Түркістан облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, aidarerkebai@yandex.kz.

Ұсыныстарды Ecoportal.kz мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша қағаз немесе электрондық нысанда жібереді.

## Объявления

26 июля 2024 г. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы, аппарат акима Каратауского с/о, ул.Жиенбет батыра д.13А состоится общественные слушания к разделам охраны окружающей среды:

В 11:30 ч к рабочему проекту «Строительство расширения геотехнологического полигона на 2023-2024 годы по участкам №1,3,4 месторождения «Бүденовское» в Созақском районе Туркестанской области». Инициатор: АО «СП «Ақбастау», Туркестанская область, Сузакский район, пос. Шолақорған, ул.ЖибекЖолы, здание 67.

В 12:00 ч к рабочему проекту «Строительство (расширение) геотехнологического полигона (проектирование магистральных трубопроводов) на участке №2 месторождения «Бүденовское» ТОО «Каратау» на 2023-2025 года в Сузақском районе Туркестанской области». Инициатор: ТОО «Каратау», Туркестанская обл, Сузақский р-н, с.Сарыжаз, квартал 021, дом 192.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до 5 последовательных рабочих дней по решению участников слушаний.

Для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, запроса копии документов обращаться по телефону +77026616646, +77778908808.

Разработчик: ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808, +77026616646.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайте по ссылке: <https://ecoportal.kz/> и сайте УПР ТО.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон-ЖаңаҚала, улица 32, здание 20, aidarerkebai@yandex.kz.

Направить замечания/предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу Ecoportal.kz.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ іс

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді дежегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да, пайдалы болмайтынды, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыптасуы қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары

мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Елімізде парақорлықтың алдын алу, жолын кесу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аудардың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көресетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті түрде көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады;

- мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;
- құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;
- кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүд-

десін емес, өзінің жеке басын жайын күйттеуі;

- кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы;

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.

Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, адами қалып-парасат билігінен көрінуге тиіспіз.

**Э.МАМЕДАЛИЕВА,**  
**Созақ аудандық қазынашылық басқарма басшысы.**